

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

ДІНТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУ КАФЕДРАСЫ

«Эзотерикалық және мистикалық ілімдер»

ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАННЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Дінтану» мамандығы 3 курс қазақ бөлімі

Кредит саны - 5

Алматы 2023ж

**2023-2024 оқу жылының күзгі семестрі кезіндегі
қорытынды бақылау формаларының сипаттамасы (емтихан)**

Жазбаша емтихан: дәстүрлі – сұрақтарға жауап

Емтихан форматы: жазбаша- офлайн

- Сұрақтар тізімі универ жүйесінде алдын ала жүктеледі. Жазбаша емтиханды тапсыру кезінде емтихан билеті автоматты түрде құрастырылады.
- Емтиханда кезекші оқытушылар жұмыс жасайды.

Емтихан ұзақтығы 2 сағат

МАҢЫЗДЫ !!! Әр студент алдын ала «Универ» жүйесінен емтихан кестесін біліп алуы керек. Емтихан басталмас 10-15 минут бұрын студент емтихан өтетін аудиторияда отыру тиіс.

- емтихан кезекшлерінің бірі емтихан кезінде әрбір нақты емтихан тапсырушыға бір билетті және жазу парақтарын ұсынады.

- билетте жазылған сұрақтарға толық жауап жазылуы керек;
- студенттен көрсетілген материалды меңгерудің жоғары деңгейін және нақты тапсырмаларды орындау мен білімді қолдану қабілетін көрсету талап етіледі;
- қосымша ақпарат көздерін пайдалануға тыйым салынады;
- басқа емтихан тапсырушылармен сөлесуге рұқсат берілмейді

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы

1. Эзотерика пәні, эзотерикалық білім туралы түсінік. Эзотеризм және әлемдік мәдениет.
2. Ежелгі Грециядағы эзотериканың ерекшеліктері, дамудың негізгі кезеңдері.
3. Мистицизм және мистикалық тәжірибе
4. Ежелгі Рим мифологиясындағы эзотерикалық ұғымдар
5. Астрологиядағы адам мен ғарыштың қатынасы
6. Буддизм бойынша жанның мәңгілігін және карма заңы
7. Тәңіршілдік дүниетанымындағы эзотерикалық түсініктер
8. Сопылықтағы мистикалық тәжірибе
9. Эзотерикалық ілім ретіндегі нумерологияның мәні
10. Эзотеризмнің негізгі салалары
11. Қожа Ахмет Яссауи ілімі
12. Каббалистердің негізгі қағидалары
13. Шығыс діндеріндегі «прана» және «акаша» ұғымдарының құпиясы
14. Агни Йога эткасы
15. Теософиядағы адам, ғалам, Құдай
16. Буддистердің ақиқатқа жету жолдары
17. Дзен-буддизмдегі медитация техникасы
18. Магияның құпия ілім ретіндегі мәні
19. Шамандық және шамандық дәстүрдің ерекшелігі
20. Үндістанның құпия ілімдері
21. Алхимияның мистикалық ілім ретіндегі сипаты

22. Индуизмдегі эзотерикалық ұғымдар
23. Адамның көріпкелдік қабілеттері
24. Дзэн буддизмдегі сатори ұғымын эзотерикалық мәні
25. Даосизмдегі әлем мен адам арасындағы құпия
26. Теософиялық ілімнің философиясы
27. Антропософиядағы адам және әлем туралы ілімнің
28. Христиандықтағы мистика
29. Мұхаммед пайғамбардың мұғжиялары
30. Діни символдар және олардың құпия мәні

Оқу әдебиеттері :

1. Борбасова, Қ.М. Эзотерикалық ілімдер. Оқу әдістемелік құралы / - Алматы: Қазақ ун-ті, 2016.-
2. В. Н. Назаров Введение в эзотерику. М, 2008
3. Папюс. Оккультизм. М. Наука. 2006
4. Мэнли П.Холл. Энциклопедическое изложение масонской, герметической, каббалистической и розенкрейцеровской символической философии. Санкт-петербург. 1994
5. Курт Зелигман. История магии и оккультизма. / Пер с англ. А. Блейз. - Москва «КРОН-ПРЕСС», 2001. – 576 с. – Серия «Таинственный мир».
6. Эзотеризм. Энциклопедия. – Минск. 2001г.
7. Эзотерический словарь. – М. Рига, 2011г.
8. Федоров В.М. Эзотерическое учение. М., 1994
9. Мудрость древних и тайные общества. Смоленск., 1995
10. Барле. Оккультизм. Санкт Петербург, 2001.

Интернет-ресурсы: Интернет-ресурсы: <http://www.elibrary.ru/>, <http://bogoslov.ru>; <http://www.gumer.info/>; <http://philosophy.ru>

**БАҒАЛАУ САЯСАТЫ
ВАК/МАГ/ДОС СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША**

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14)	0–24% (0-7)
1 сұрақ 30 балл	Курс теориясы мен тұжырымдамаларын білу және түсіну	«Өте жақсы» деген баға сұрақтың жан-жақты түсіндірмесі, әрбір қорытынды мен мәлімдеме үшін егжей-тегжейлі дәлелі бар, логикалық түрде құрастырылған және әзірленген тақырыптардан мысалдармен расталған жауап үшін қойылады.	«Жақсы» деген баға сұрақтың толық, бірақ толық емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігін бұзуға мүмкіндік беретін жауапқа қойылады. Жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы кедергі келтірмейді.	«Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтарды толық қамтымаған, негізгі ойларды үстірт дәлелдейтін, баяндаудағы композициялық теңгерімсіздіктерге, материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуға жол берген жауапқа қойылады. Өзірленген жазбаларынан мысалдармен теориялық ойлары көрсетілмейді.	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу...; Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу.
2 сұрақ 30 балл	Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу;	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін толық шешпей қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалану;	Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
3 сұрақ	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	

40 балл	Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	90–100% (36-40 балл)	70–89% (35-28 балл)	50–69% (27-20 балл)	25–49% (19-10 балл)	0–24% (0-9 балл)
		Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-30 балл, үшінші сұраққа - 40 балл.

